

## **БӨЖ-2. ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУ АЛГОРИТМІ**

**БӨЖ-2.** «Жаңа инновациялық биофармацевтік препараттарды өндірудің заманауи технологиялары» тақырыбына арналған топтық жұмыс.

**Топтың құрылуы және міндеті:** топ мүшелері (топ басшысы және мүшелері) құрамы 5-6 адамнан құрылады. Топ басшысын студенттер өз бетінше сайлайды. Топ басшысы команда мүшелеріне орныдайтын міндеттерді үлестіреді.

Команда мүшелері төменде ұсынылған тақырыптарды таңдайды, тапсырманы орындауға кіріседі.

### ***Ғылыми журнал мәтінін құрастыруға ұсынылатын тақырыптар:***

1. Жаңа короновирустық инфекцияның (Covid-19) алдын алу және емдеу мақсатында фармацевтік препараттарды өндіру технологиялары.
2. Рекомбинантты технологияны фармацевтикада қолдану.
3. Рекомбинантты белоктар мен пептидтер негізінде жасалған фармацевтік препараттар.
4. Моноклоналды антиденелерді медицинада қолданудың бүгінгі таңдағы жетістіктері мен перспективалары.
5. Липосомалды дәрілік препараттарды алу технологиялары.
6. Дәрілік заттарды иммобилиздеу негізінде жаңа қасиетке ие, жоғары тиімді фармакологиялық заттарды алу.
7. Бағаналы клеткаларды медицинада қолданудың бүгінгі таңдағы жетістіктері мен преспективалары.
8. Негізгі тапсырманы қамтитын ерікті тақырыпшалар (студенттер өз бетінше таңдайды).

Топ басшысы команда мүшелерінің берілген тапсырманы орындау белсенділігін қадағалайды. Соңында топ мүшелерімен бірлесе отырып, топ мүшелерінің тапсырманы орындауға қосқан үлесіне қарай (балдық жүйемен) баға береді.

### **Тапсырмалар:**

- 1) Тақырыпты қамтитын ғылыми әдебиет көздеріне ізденіс жұмыстарын жүргізу.
- 2) Әдеби мәліметтерді топтастыру, жүйелеу, сыни тұрғыдан өз пікірлеріңізді қалыптастыру, қорытындылар, тұжырымда жасау, эссе жазу.
- 3) Бірінші және екінші тапсырмаларды орындау негізінде ғылыми журнал құрастыру.
- 4) Топтық жұмысты көпшілік алдында қорғау және талқыға салу.

**Журнал құрылымы:** титул парағынан, мазмұнынан, ішкі құрылымын қамтитын материалдардан (жаңалықтар мен жетістіктерді айқындайтын мақалалар, эссе, шығарма, сыни тұрғыдан қалыптастырылған пікірлер, түрлі түсті суреттер, графиктер, диаграмалар т.б. материалдар), қорытындыдан, әдебиет көздерінен тұруы тиіс.

**Жазылу тәртібі:** Times New Roman, 14- шрифт, жоларалық интервал -1, абзац -1 см.

А-4 формат параметрлері: жоғары және төменгі бөлігі – 2 см, сол жағы -3 см, оң жағы - 1 см. Мақалалардың мәтінінің жазылуы парақтың ені бойымен тұрланады (набор текста по ширине).

**Журнал** электронды түрде дайындалып, өткізіледі.

**Бағалау критерийлері:**

<b>№</b>	<b>тапсырма</b>	<b>балл</b>
1	«Жаңа инновациялық биофармацевтік препараттарды өндірудің заманауи технологиялары» тақырыбтың мазмұнын толық аша білуі, өзектілігін айқындай білуі, қорытындылар мен тұжырымдар жасай білуі.	9
2	Журнал мазмұны мен ішкі құрылымның бірлігінің, үйлесімділігінің сақталу дәрежесі.	4
3	Жазылу тәртібінің толық орындалуы.	3
4	Журналды безендіру материалдарының сапасы.	3
5	Жұмысты орындауға команда мүшелерінің қатысу белсенділіктері.	3
6	Тапсырманы дер кезінде тапсырылуы, оқытушының қойған сұрақтарына жауап беру сапасы.	10
7	Студенттердің тәртібі.	3
	<b>Барлығы:</b>	<b>35</b>

**Ескерту:** жұмысты орындауда плагиатқа жол берілген жағдайда, топ мүшелеріне бірден «ноль балл» қойылады, сонымен қатар, тапсырманы орындауға қатыспаған студенттерге қайта тапсыру мүмкіндігі берілмейді!